

Жем қаласының №5ЖББОМ

**Әлеуметтік педагогтың
І-жартыжылдық бойынша жүргізілген
жұмыстарының есебі**

2022-2023оқу жылы

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты 2022-2023 оқу жылында мектебімізде жалпы оқушы саны-197

Бастауыш сыныптар 1-4сыныптарда -94

Көп балалы жанұя саны-23/70

Аз қамтылған жанұядағы бала саны 1-11сыныптар арасында-6/9

Жетім балалар саны-2

Толық емес отбасы саны -22/31

Анасы жоқ балалар саны -2/2

Өгей ата-анамен тұратын оқушылар саны-

Мүгедек балалар саны -2/2

Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны -0

«Келеңсіз отбасы» тізімінде тұрған саны-1/1

Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-11сыныптар бойынша-9 Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартын басшылыққа алып, аталған бұйрықтың 9 тармағында көрсетілген құжаттар көп балалы отбасынан шыққан балаларға, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға, қамқорлыққа алынған балаларға жинақталды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ қорғаншылықтағы және асыраушысынан айырылуына байланысты толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа оқу жылында қолдау көрсету мақсатында Ақтөбе облысы білім басқармасының 2022жылғы 21.07 №2/3030 хатын басшылыққа ала отырып, Республика бойынша жыл сайынғы

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы «Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» ұранымен өз жұмысын бастады. Біз де бұл акция аясынан тыс қалмадық. Жыл сайын Жем қаласының №5ЖББ орта мектебі үлкен көлемде өтуге ат салысты. Төменде аты-аталған мекемелер, кәсіпкерлер демеушіліктер көрсетті

№	Демеушілер	Бала саны	Көрсетілген көмек соммасы
1	Жем қаласының әкім аппараты	2	30000тг
2	№3 «Балбөбек» балабақшасы м	2	20000тг
3	Жем қалалық мәдениет үйі	2	23000тг
4	№3 Аула клубы	2	22000тг
5	«КМКЖемжылу» мекемесі	1	8000тг
6	Жем дәрігерлік амбулаториясы	1	10000тг
7	Жем қаласының №5ЖББОМ	2	39000тг
8	М.Темірбаева	1	26000тг
9	С.Қиясов кәсіпкер	6	200000тг
10	«КАЗАКОЙЛ Ақтөбе» ЖШС	41	329173тг
11	«Казпошта»	1	2000тг
	Барлық соммасы	61	709 173тг

Оларға жаңа оқу жылына керекті оқу-құралдармен, мектеп формасымен және спорттық киімдермен қамтамасыз етілді. Құжаттары толық салынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы № 173 қаулысына сәйкес мектептегі әлеуметтік көмек алуға құқығы бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.

2022жылғы 19тамызы №1-553 хатына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің, орталықтандырылған бухгалтериясына бағынысты мектептер бойынша ҚР Үкіметінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиелеушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілергі қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 қаулысына сәйкес, жалпыға бірдей білім беру қорынан, үнемделген қаржыдан қаржылай көмек көрсету мақсатында мектебіміздедегі мемлекеттік атаулы көмек алатын және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларынан құжаттар жинақталып әр ата-ананың есеп шотына **37 389мың теңге** салынды, сол қаражатқа ата-аналар балаларын мектеп формасымен толық қамтамасыз етті. Құжаттары толық бар.

Қаражатты(37 389мың)теңге алған оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	санаттары
1	Асылхан Аршат	2	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
2	Асылхан Әли	2	АӘК
3	Нұрғали Бағлан	4	АӘК
4	Әділбек Фатима	3	АӘК
5	Әділбек Зайнаб	5	АӘК
6	Әділбек Мұхаммад	5	АӘК
7	Мусирова Аяжан	6	АӘК
8	Мусиров Аманжан	4	АӘК
9	Мусиров Кенжеболат	1	АӘК

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны – 9 (4,9%) құрап отыр.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31қазандағы №598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы бұйрығын орындау мақсатында әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражат мыналарға:

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушыларға;
2. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға;
3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы оқушылары;
4. Көп балалы отбасылардан шыққан білім алушыларға берілетінін ескере отырып, Жем қаласының №5ББ орта мектебінде осы категорияға жататын отбасылардан жаңа оқу жылына құжаттар жинақталды. Ақысыз ыстық тамақ әр оқушыға 507 теңгеде келіп тұр. Оқу жылының басында переспективалық ас мәзірі келіп сол бойынша әр оқушыға тиісілі грамм, мөлшері арқылы берілуде. Асхана сынып жетекшілер, мұғалімдер тарапынан кезекшілік құрылып уақытылы барып кезекшілік атқарылуда. Апта сайын асхана іші мектеп медбикесі бракераждық комиссия тарапынан бақыланып отырады. Келген азық-түліктердің барлығының сақтау мерзімі, сertificateтары бар. ИП К.Курмановтың құжаттар толық жинақталды.

Қазан айының 29-ы күні «Қамқоршы күні» мерекесіне орай мектеп ұжымы мектебіміздегі қамқоршы Г.Тажигулованың үйіне құттықтап тәтті сыйлықтар апарып берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құрамы, жоспар құрылып,бекітілді. Жоспарға сәйкес Тәрбиесі қиын сабақты жиі босататын оқушылармен бақылау, ата-анасымен байланыс орнату.бойынша жұмыстар атқарылды.

Жоспар бойынша білім беру ұйымдарында алып кіруге тыйым салынған заттарға шектеу қою және «Өз құқығыңды білесің бе?»атты мектеп психологы Э.Н.Кудайбергенова сауалнама алды.

«Заң біткен жерде зұлымдық басталады» атты 9-10сыныптар арасында тарих пәні мұғалімі А.А.Зейнуллина өткізді. Мәліметі толық бар. «Түнгі қала» аудандық білім бөлімінен келген қатынасхат негізіне сәйкес мұғалімдер рейдке көше аралауға шықты. Рейд барысында мектепке келмей жұмыс істеп жүрген оқушылар анықталған жоқ.

Мектебімізде «Қолайсыз отбасы» тізімінде тұрған 1-отбасы бар. Ол Самсонова Татьяна –жұмыссыз. Мүгедек III топтағы. Мүгедектікке алатын зейнетақысы -52000 теңге құрайды. Мектепте оқитын қызы Самсонова Мария -3сыныпта оқиды. Оқу үлгерімі-орта. Тәртібі жақсы. Сабақтан себепсіз қалмайды. Мектеп тарапынан Марияға үнемі киім-кешектей, оқу – құралдармен көмек беріледі. «Мектепке жол» республикалық акциясы кезінде Самсонова Марияға демеушілік тарапынан мектеп формасы, аяқ киіммен қамтамасыз етілді.

Анасы Самсонова Татьяна ішімдікке әуес,кейде балаға мүлде қарамай кететін кездері болады.Мектеп әкімшілігі тарапынан үнемі бақыланып, қадағалау жасалынып отырады. Сынып жетекші тарапынан бақылау тағы бар. Марияға сынып жетекшісі арнайы бақылау күнделігін арнаған.

Ата-аналар жұмыс бойынша жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес сынып жетекшілер мен бірлесе отырып қазан айында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста қаралаған мәселе «Мектепке жол»акциясы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларынан берілген қаржылай көмек айтылды. Құжаты толық бар.

Мектебіміздегі даму мүмкіндегі шектеулі оқушылар саны -2

Олар: Елеуова Ақмарал -11сынып оқушысы

Қожахмет Алмас -8сынып оқушысы

Оқу жылының басында бұл оқушыларға жеңілдетілген жоспар диагноздарына қарай құрылды. Оқушылар жыл сайын тексеруден өтіп отырады

Осы орайда 2021жылдың қазан айының 06.10.2021жылы Ақтөбе қаласынан ПМПК-ның мамандары келіп оқушыларды Ембі қаласы №7ЖББОМ-де тексерістен өткен құжаттары бар.

Өгей ата-анамен жұмыстар бойынша жыл басында мектеп бойынша -9 отбасы -14 оқушы анықталды.

2022-2023 оқу жылы мектебімізде өгей ата-анамен тұратын оқушылар саны -14/9 Өгей ата-анамен тұратын оқушыларға жылдың басында жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда.

Оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағалануда.Әр күн сайын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерінің қатысуымен сыныптар

арасында бірінші сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша, егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Оқушылардың сабақ босатуының негізгі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине, олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3-4 күн босатаса, комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата-анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады. Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады. Осы 2022-2023 оқу жылы барысында төмендегі оқушылардың үйіне барып, ата-аналарымен жұмыс жүргізілді.

1. Мұқыш Жангүл -8сынып
2. Алиев Рустам- 7сынып
3. Нарымбетова Жұлдыз -7сынып
4. Нарымбетов Азамат-4сынып
5. Еламан Ислам -10сынып
6. Тоқмен Ақжан-9 сынып
7. Жамбылова Айда-7сынып
8. Нұржанов Данабек-7сынып
9. Мусирова Аяжан -6сынып
10. Мусиров Аманжан – 4сынып
11. Мусиров Кенжеболат –1сынып
12. Нарымбетова Арайлым -6сынып
13. Темірсұлтан Әміржан-3сынып
14. Самсонова Мария -3сынып

Жоспар құрылды, жоспарға сәйкес қазан айында «Отбасымен ата-аналары баланың көзімен» атты тақырыбында мектеп психологы Э.Н.Кудайбергенова сауалнама алынды. Әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымын, тәртібін, үлгерімін қадағалап отырады.

Сенімхат арқылы білім алып жатқан оқушылар саны -13/21 болып отыр. 2022-2023 оқу жылында бұл оқушылардың барлығының сенімхат арқылы тәрбиелеп, қарап, бақылап отырған ата-аналардың үйлерін сынып жетекшілермен бірлесе отырып әлеуметтік тұрмыс жағдайы тексерілді. Құжаттары толық бар. Бұл оқушылар үнемі мектеп бақылауында. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыс жасайды. Балалар сабақтан себепсіз қалмайды, оқу үлгерімдері бірқалыпты. Тәріптері жақсы. Барлық оқушының сенімхаттарының мерзімдері уақытынан асқан жоқ. Жоспар бойынша әлеуметтік тұрмыс жағдайын тексеру актісі жасалды, мектеп әкімшілігі тарапынан үнемі бақылауда.

Желтоқсан айында жұмыс жоспар бойынша атқарған жұмыстар төмендегідей;

Мектеп бойынша оқушы саны –200

Жоспар бойынша мектеп бойынша **«Келеңсіз отбасы»** тізімінде тұрған отбасы үйлері аралау, әлеуметтік тұрмыс жағдайын тексеру. Тексеру нәтижесінде Т.Самсонованың тұрмыс жағдайы орташа, ақылы қоғамда жұмыс жасайды, азық-түліктері жеткілікті, үнемі мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалауды қажет ететіні анықталды. Сынып жетекшісі үнемі бақылап отырады. Қараша айында жоспар бойынша **«Менің және менің құқығым»** атты тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы оқушыларымен жұмыс жүйелі жүргізілді, алты ай сайынғы есептері толық жинақталып, ауданға тапсырылды.

Жоспар бойынша **«Мейірімді жүректер»** атты тақырыбында мектеп психологы Э.Н.Кудайбергенова тренинг өткізді. Мәліметі толық бар. Қамқоршысы Г.Тажигулова үнемі тығыз байланыста. Мектеп әкімшілігі тарапынан материалдық көмек үнемі беріледі. Жаңа жыл мерекесіне орай аудандық әкім шыршасына Асылхан Аршат пен Асылхан Әли қатысып жаңа жылдық сыйлықтарға (қысқы куртка, музыкалыный плеер) және тәтті сыйлықтар берілді. Оқушылар өте жақсы көңіл күймен, шексіз ризашылықпен келді.

Жоспар бойынша **«Отбасылық қарым-қатынас»** тақырыбында орта буын сыныптардан эссе алынды.

«Бала құқығы – асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар» атты тақырыпта 9-11 сыныптармен бірлесе отырып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуы бойынша мектебіміз бойынша бір оқушы Елеуова Ақмарал - 11 сынып оқушысы. Пән мұғалімдері өздерінің арнайы бағдарламасы бойынша сабақ береді. Оқушының оқу үлгерімі орташа, сабаққа қатысымы, тәртібі өте жақсы. Ата-анасы сынып жетекшісі мен үнемі байланыста. Мектепте сабақтан себепсіз қалатын оқушы жоқ. Сынып жетекшілері үнемі бақылап, қадағалап отыр.

Сенімхат бойынша тұрып жатқан оқушылар мектеп бойынша саны -13/21. Бұл оқушылардың әлеуметтік-тұрмыс жағдайы, сабаққа қатысымы, үлгерімі, тәртіптері сынып жетекшілер тарапынан қатаң бақылауда. Барлық оқушының сенімхаттары ар, уақыттары ұзартылған. Сынып жетекшілер үнемі бақылап отыр. Қоғамдық іс-шаралараға қатысып отырады.

Өгей ата-анамен жұмыстар бойынша жыл басында мектеп бойынша -9 отбасы -14 оқушы. Барлық оқушының әлеуметтік тұрмыс жағдайы тексерілді, құжаттары толық жинақталды. Сынып жетекшілер үнемі бақылап отыр. Жоспарға сәйкес мектеп психологы Э.Н.Кудайбергенова **«Сіз қандай ата-анасыз?»** тақырыбында эссе алынды. Толық мәтіні бар.

Ыстық бойынша 9-бала ақысыз ыстық тамақпен қамтылып отыр. Құжаттары толық бар. Азық-түліктері уақытылы алынады, тамақтары

талапқа сай, азық-түліктердің сертификаттары бар. Асханаға бракераждық комиссия мүшелерімен тексеру жұмыстары жүргізіледі, ескертулер болған кезде уақытында жойылып отырады. Аспазшының құжаттары түгел. Мектеп медбикесі О.Калиева ас мәзірін үнемі бақылап отырады.

2022 жылдың желтоқсан айының 26-сы күні Жаңа жыл мерекесіне орай аудан әкім шыршасына мектеп бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар Асхан Аршат пен Асылхан Әли қатысты.

Осымен бірге дарынды, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы, мүгедек оқушыларда қатысты.

Олар: 1. Қожахмет Алмас -8 сынып оқушысы –мүгедек

2. Нұрғали Бағлан -4 сынып оқушысы -АӘК

3. Төкен Сабина -8 сынып оқушысы -дарынды

4. Жумырова Гаухар -7 сынып оқушысы -дарынды

Бұл оқушылар шыршаға қатысып тәтті сыйлықтарға ие болды.

2022 жылдың желтоқсан 29-ы күні қала әкім шырша болды, оған мектепте ыстық тамақпен қамтылып отырған, мүгедек және үздік оқушылар қатысты.

Барлық саны -70 Жаңа жыл мерекесі керемет өтті. Оқушылар өте жақсы көңіл күймен келді. Өздері ән айтып, би билеп көңіл көтерді. Қатысқан оқушылар тізімі толық тіркелді.



Мектеп директоры:
Әлеуметтік педагог:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to A.A. Zhakasov.

А.А.Жакасов
Г.У.Бисенова